



БҰЙРЫҚ

2013 ж. 4 қыркүйек

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 446

город Астана

**Техникалық және кәсіптік білім
мамандықтары бойынша үлгілік оқу
жоспарлары мен білім беретін оқу
бағдарламаларын, интеграцияланған
білім беретін оқу бағдарламаларын
әзірлеу әдістемесін бекіту туралы**

Үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламаларын, интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеумен айналысатын педагогикалық, ғылыми-педагогикалық және практикалық қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламаларын, интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі бекітілсін (бұдан әрі-әдістеме).

2. Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Қ.Қ. Бөрібеков):

1) осы бұйрықты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары мен республикалық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін;

2) қоса беріліп отырған әдістемені Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсына орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Қ.Қ. Бөрібековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



А. Сәрінжіпов

003801

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК
БІЛІМ ДЕПАРТАМЕНТІ
473000, Астана қ. Орынбор көшесі, 8,
Министрлер үйі
тел: (7172) 74-20-28



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ
ТЕХНИЧЕСКОГО И
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ
473000, г. Астана, улица
Оренбургская, 8, Дом министерств

11-2/2248
от 08.11.13

Облыстық, Астана және Алматы
қалаларының білім басқарламаларына

Республикалық колледждерге

Республикалық ТЖКБ дамытудың және
біліктілікті берудің ғылыми әдістемелік
орталығына

Техникалық және кәсіптік білім департаменті жұмыс барысында қолдану үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрі А.Б.Сәрінжіповтің «Техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламаларын, интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу әдістемесін бекіту туралы» 2013 жылғы 4 қарашадағы № 446 бұйрығының көшірмесін және осы бұйрыққа қосымшаларды жолдайды.

Қосымша: 27 бетте.

Директор

Қ. Бөрібеков

М.Құлжанбекова
742466

**Техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша
үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу
бағдарламаларын, интеграцияланған білім беретін оқу
бағдарламаларын әзірлеу Әдістемесі**

1. Жалпы ережелер

1. Техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламаларын, интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеумен айналысатын педагогикалық, ғылыми-педагогикалық және практикалық қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында іске асырылады.

2. Техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламаларын, интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламалары Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы), Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы) сай мүдделі білім беру ұйымдарының, ғылыми ұйымдардың, ғылыми-әдістемелік орталықтардың, кәсіпорындардың, жұмыс берушілердің салалық бірлестіктері мен кәсіптік қауымдастықтарының өкілдерін тарта отырып әзірленеді.

3. Осы Әдістемеді келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) білім беру мазмұны – тұлғаны жан-жақты дамыту мен құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені);

2) білім беру қызметі - барысында тұлғаға білім беру, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы процесі.

3) құзырет – білім, білік, кәсіби тәжірибе бірлігі негізінде анықталған кәсіби міндеттер жиынтығын шешу мен әрекет ету қабілеті;

4) базалық құзырет – өзін және өз қызметін басқара білу қабілеті, өзін-өзі мотивациялауға және ұйымдастыруға бейімділігі;



5) кәсіптік құзырет – маманның кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білімдер, іскерліктер мен дағдылар, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілеті;

6) функционалдық құзырет – маманның нақты білім, іскерлік пен дағдылар негізінде таңдалған сферадағы кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілеті;

7) танымдық құзырет – маманның кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін интеграцияланған білім, іскерлік пен тәжірибелер, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілеті;

8) үлгілік оқу жоспары – білім саласындағы уәкілетті орган деңгейінде әрбір цикл (оқу пәндері) бойынша оқу уақытының тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың жүйелілігін және кәсіптерге, біліктіліктерге, кәсіптік білім беру ұйымдарында оқыту мерзімдеріне қатысты бақылау нысандарын белгілейтін негізгі құжат.

9) интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламалары – білім беретін оқу бағдарламаларының сәйкес мазмұнды аспектілерін біріктіру арқылы әзірленген білім беретін оқу бағдарламалары.

2. Техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламаларының құрылымы

4. Үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін бағдарламаларының құрылымы қамтиды:

- 1) білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар;
- 2) үлгілік оқу жоспары;
- 3) білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны;
- 4) кабинеттер, зертханалар, шеберханалардың тізбесі және тағы басқада.

5. «Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар» тарауында негізгі және кәсіптік құзыреттерді қалыптастыруды көздейтін құзыреттілік әдістемеге негізделген білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар көрініс тапқан.

Базалық құзыреттер – бұл нақты бір қызметпен байланысты сапалық сипаттамалардың жалпы бейнеленуі, сонымен қатар маманның тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптарды қамтиды.

Кәсіптік құзыреттер еңбек үдерісінің құрамымен тығыз байланыста қалыптастырылады, яғни маманның кәсіптік қызметтің нақты саласында орындайтын кең және айқын функциялары ретінде анықталады.

Кәсіптік құзыреттердің келесі сипаттамалары бар:

- біліктілікке сәйкес келеді және кәсіптік қызметтің осы саласында жұмыс істейтін адамдарға жақсы таныс;
- жалпы бірдей болып табылады, яғни, нақты технология немесе техникаға жатады;



- оларды «көшіруге болады», яғни оларды әр түрлі орындарда және әр түрлі еңбек ортасында қолдануға болады.

Кәсіптік құзыреттер еңбек функцияларын сапалы орындау үшін қажетті құзыреттердің әр түрлі үлгілері мен түрлерін қамтиды. Кәсіптік құзыреттердің мынадай түрге бөлінеді: функционалдық және танымдық.

Кәсіптік құзыреттер білім, іскерлік және практикалық дағдылар және мінез-құлықты біріктіретін белгілі бір біліктілік жұмысының құрамдас бөлігі болуы тиіс. Дұрыс қалыптастырылған құзырет осы барлық элементтерді қамтуы тиіс, олардың басымдылықтарының құзырет түріне қарай өзгерісі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Кәсіптік құзыреттің түрлері және олардың басымдылықтары

I. Функционалдық құзыреттер		
Практикалық дағдылар	Білімдер (іскерліктер)	Мінез-құлық
II. Танымдық құзыреттер		
Білімдер (іскерліктер)	Практикалық дағдылар	Мінез-құлық

2-кестеде сипаттаудың болжамды объектісі және кәсіптік құзыреттіліктерді айқындауға арналған негіздеме көрсетілген.

2-кесте. Сипаттау объектісі және кәсіптік құзыреттерді айқындауға арналған негіздеме

Сипаттау объектісі	Айқындауға арналған негіздеме
Функционалдық құзыреттер	
Практикалық дағдылар (қатысады ..., қабылдайды ..., дайындайды ..., жетекшілік етеді ..., жоспарлайды ... және т.б.)	Біліктілік талаптарына сәйкес айқындалады және басқалар
Танымдық құзыреттер	
Техникалық білімдер мен іскерліктер (қолданады ..., игерген ..., пайдаланады ..., және с.с.)	Негізгі функциялардың сипаттауларына сәйкес айқындалады және басқалар

6. «Техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу жоспары» тарау біліктіліктің деңгейлері бойынша (белгіленген, жоғары, орта буын маманы) және білімнің, мамандықтың және біліктіліктің коды және бейіні 3-кестеде көрсетіліп әзірленеді.

3-кесте. Үлгілік оқу жоспарының негізгі деректерінің нысаны

Техникалық және кәсіптік білімнің Үлгілік оқу жоспары (... деңгей)	
Білім беру коды және бейіні _____	
Мамандық _____	
Біліктілік: _____	
	Оқу нысаны: _____
	Оқытудың нормативтік мерзімі _____
	_____ базасында



Техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу жоспары келесі компоненттерден тұрады:

- 1) оқу процесінің жоспары;
- 2) үлгілік оқу жоспарына түсіндірме жазба.

Оқу процесінің жоспары оқу семестрлері бойынша циклдар мен пәндер бойынша оқу бағдарламаларының құрылымдық мазмұнын (тізімі), бақылау формасын, оқу мерзімінің көлемін 4-кестеде рәсімдейді.

4-кесте. Оқу процесінің жоспары

Циклдер және пәндердің иімі	Циклдер және пәндердің атауы	Бақылау нысаны				Барлығы	Оқу уақытының көлемі			Семестрлер бойынша бөлу
		Емтихан	Сынақ	Бақылау жұмыстарының саны	Күрестік жоба (жұмыс)		Оның ішінде			
							Теориялық сабақтар	Практикалық (зертханалық-практикалық) сабақтар	Күрестік жоба (жұмыс)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
ЖБП. 00	Жалпы білім беретін пәндер									
ООД. 01										
.....										
ӘЭП. 00	Әлеуметтік-экономикалық пәндер									
ӘЭП. 01										
.....										
ЖГП. 00	Жалпыгуманитарлық пәндер									
ЖГП. 01										
.....										
ЖКП. 00	Жалпыкәсіптік пәндер									
ОПД. 01										
.....										
АП. 00	Арнайы пәндер									
АП. 01										
.....										
ОО. 00	Өндірістік оқыту									
ӨО. 01										
.....										
КП. 00	Кәсіптік практика									
КП. 01										
.....										
АА. 00	Аралық аттестация									
.....										
ҚА. 00	Қорытынды аттестация									
ҚА. 01	Қорытынды аттестация									
ҚА. 02 (ҚДДБ Б)	Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілікті беру									
	Міндетті оқытуға жаныны:									
К	Консультациялар									
Ф	Факультативтік сабақтар									
	Барлығы:									

*курстар бойынша бөлу оқыту нысанына, мамандықтың спецификасына, өңірлік ерекшеліктерге және басқа байланысты өзгеруі мүмкін.

Үлгілік оқу жоспарына түсіндірме жазба техникалық және кәсіптік білімнің оқу жоспарларының үлгілеріне арналған түсіндірме жазбада келесілер сипатталады:

Үлгілік оқу жоспарлары жалпы білім беретін және кәсіптік даярлықтың құрылымдық мазмұнын, циклдер, курстар және пәндер бойынша оқу уақытының көлемін ашып көрсетеді, оқыту мерзімін тәртіптейді.

Жалпы білім беретін пәндер – қоғамдық- гуманитарлық және жаратылыс-математикалық бағыттағы пәндер жиынтығы.

Жалпы білім беретін пәндердің оқу уақытының тізбесі және көлемі орта білімнің және мамандық бойынша бейін оқытуыдың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) анықталады.

Мысалы: «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні (156-170сағ.). Қазақ тілінде оқытылатын топтарда жалпы сағат көлемінің 60% қазақ әдебиетіне және 40% - қазақ тілін оқытуға, ал орыс тілінде оқытылатын топтарда - 60% қазақ тілін оқытуға және 40% - қазақ әдебиетін оқытуға бөлінеді.

«Орыс тілі және әдебиеті» пәні (156-170 сағ.). Қазақ тілінде оқытылатын топтарда жалпы сағат көлемінің 40% - орыс әдебиетін оқытуға және 60% орыс тілін оқытуға, ал орыс тілінде оқытылатын топтарда орыс тілін оқытуға 40% және - 60% орыс әдебиетін оқытуға бөлінеді.

Мемлекеттік тілмен қатар басқа да тілдерді меңгеру мүмкіндіктерін кеңейту үшін шетел тілі курсы енгізілді (72-136 сағ.).

«Қазақстан тарихы» пәні (40-120 сағ.) Қазақстан тарихын оқытуды көздейді, сондай-ақ әлемдік қауымдастықтың дамуындағы Қазақстанның орны мен рөлін бағамдауға көмектеседі.

«Бүкіл әлем тарихы» (38-80 сағ.) бүкіл әлем тарихын оқытуды көздейді, білім алушылардың халықаралық саяси жағдай туралы пікір қалыптастыруға көмектеседі.

«Қоғамтану» (38-76 сағ.) оқушыларға адамның қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғаммен өзара қарым-қатынасын түсінуіне мүмкіндік береді және «Этика» және «Отбасы өмірінің психологиясы» пәндерін оқытуды көздейді.

Жалпы орта білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының орындалуын қамтамасыз ету үшін үлгілік оқу жоспарына мынадай жалпы білім беретін және жаратылыс-ғылыми пәндер енгізілді: «Математика» (120-156 сағ.), «Информатика» (70-76 сағ.), «Физика» (72-146 сағ), «Химия» (68-116 сағ), «Биология» (34-118 сағ.) және «География» (36 -40 сағ.). Осы пәндер бойынша оқу уақытының көлемі білім беру және мамандық бейінін есепке ала отырып анықталады.

Жаратылыс-математикалық пәндерді оқыту кезінде нақты мамандық қызметкерінің кәсіптік қызметінде осы пәндердің рөлін белгілеу қажет.

«Дене тәрбиесі» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және аптасына 4 сағат жоспарланады, оның 2 сағаты 2 курстан бастап спорт секцияларындағы сабақтарға бөлінуі мүмкін. «Дене тәрбиесі» курсы



аяқталғаннан кейін қосымша уақыт бюджетін бөлусіз емтихан тапсырылады.

«Алғашқы әскери дайындық» пәні 140 сағат көлемінде өткізіледі.

Жалпыгуманитарлық пәндер. Кәсіби тілдерді оқыту мамандық бойынша терминологияны игеруді, өзінің кәсіптік қызметі саласындағы жұмысы үшін қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді. Бұл пәндер білім алушыларды кәсіптік даярлаудың бөлігі болып табылған жағдайларда, осы пәндерге бөлінген оқу уақытын мамандандыру бойынша пәндерге немесе білім беру ұйымы анықтайтын пәндерді қолдануға рұқсат етіледі.

Әлеуметтік– экономикалық пәндер: мәдениеттану, философия негіздері экономика негіздері, саясаттану және социология негіздері, құқық негіздері. Әлеуметтік-экономикалық пәндерді оқытуға бөлінетін оқу уақытының көлемі базалық білімге қарамастан білім беру бағдарламаларын іске асыру 180 сағат шегінде оқытылады. Бұл пәндер орта буын мамандарын дайындау кезінде ғана оқытылады.

Жалпыкәсіптік пәндер барлық процестер және құбылыстардың тұтастығын толық сезінумен кәсіптік мәселелерді шешуге, мамандық бойынша курстық, дипломдық жобаларды (жұмыстарды) және практикалық жұмыстарды сауатты орындауға мүмкіндік береді.

Нақты мамандық бойынша даярлау бейініне қарай пәндердің үйлесімі әр түрлі болуы мүмкін. Жалпы кәсіптік пәндерді оқытуға бөлінетін оқу уақытының көлемі мамандықтың қиындығына және оқыту мерзіміне байланысты.

Арнайы пәндер (бейін бойынша) білім алушылардың кәсіптік даярлау негізін құрайды.

Арнайы пәндердің мазмұны (жекеленген бөлімдер мен тақырыптар) жалпы кәсіптік пәндермен бірлесіп мамандарды даярлаудың білім беретін оқу бағдарламаларының негізін құрайды.

Білім беру ұйымы анықтайтын пәндер білім алушылардың кәсіптік мүдделері саласындағы жеке бейімділігін және жұмыс берушілердің осы мамандық бойынша кадрлар даярлауға қоятын талаптарын ескеруі тиіс.

Кәсіптік практика

Кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасының мазмұны берілетін біліктілік деңгейіне сай теориялық оқу процесінде алған білімдерін бекітуді қамтуды, практикалық дағдылары мен кәсіптік құзыреттерді меңгеруді қарастырады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша бағдарламаны орындау оқытудың 1-2 жылына жоспарланған.

Жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді меңгеруді бірінші курстан, екінші жартыжылдықта- таныстыру оқу практикасын жоспарлауға болады.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 2 бөлімінің 20 тармақшасына сай жекелеген пәндер бойынша теориялық және зертханалық-практикалық сабақтарда, оның ішінде дене тәрбиесі бойынша және курстық жұмыс (жоба) орындауға, кәсіптік тілдерді оқыту кезінде, өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан өту кезінде топтар

шағын топтарға бөлінеді.

Курстық жобалар (жұмыстар) жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша оқу жұмысының бір түрі ретінде қарастырылады және оларды оқытуға бөлінген оқу уақытының шегінде орындалады. Семестрдағы курстық жобалардың саны біреуден аспауы тиіс. Қосымша бір курстық жұмыс жоспарлауға рұқсат етіледі. Курстық жобаны (жұмысты) рецензиялау бір білім алушыға 1 сағат есебінен жүзеге асырылады. Курстық жобалау бойынша консультациялар өткізу оқу жоспарында осы пән бойынша қарастырылған сағатта өткізіледі.

Емтихан сессиясының бір аптасына шығарылатын емтихандардың саны екіден аспауы тиіс.

Бақылау. Барлық пәндер бойынша аралық аттестация өткізу қарастырылады, оның негізгі нысандары: бақылау жұмысы, сынақ, тестілеу, емтихан болып табылады.

Бақылау жұмыстары мен сынақтар осы пәнді оқытуға бөлінген уақыт есебінен өткізіледі; емтихандар – аралық аттестацияға бөлінген мерзімдерде өткізіледі.

7. «Техникалық және кәсіптік білім деңгейлері бойынша үлгілік білім беру бағдарламаларының мазмұны» тарауы. Техникалық және кәсіптік білім деңгейлері бойынша үлгілік білім беру бағдарламаларының мазмұны келесі схема бойынша анықталады: Пәндер циклдері/практика > Пән/ практиканың түрі> Білімдер/іскерліктер> Іскерліктер/дағдылар> Қалыптасатын құзыреттің коды сызбасымен анықталатын блоктық жобалау процесі 5-кестеде қолданылады. Бұл құрылым білім беру мазмұнының құрамдас бөліктерінің әдістемелік сабақтастығын көздейді.

5-кесте. Білім беру бағдарламасының құрылымы

Циклдің (пәнін) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білім, іскерліктер мен дағдылар	Қалыптасатын құзырет коды
ЖБП.00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖБП.01	...	Білімдер: ... Іскерліктер: ...	БК ...
...	...	...	...
ЖГП.00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
ЖГП.01	...	Білімдер: ... Іскерліктер: ...	БК ...
...	...	...	...
ӘЭП.00	Әлеуметтік-экономикалық пәндер		
ӘЭП.00	...	Білімдер: ... Іскерліктер: ...	БК ...
...	...	...	...
ЖКП.00	Жалпы кәсіптік пәндер		
ЖКП.01	...	Білімдер: ... Іскерліктер: ...	БК ... КК ...
...	...	...	...
АП.00	Арнайы пәндер		
АП.01	...	Білімдер: ... Іскерліктер: ...	БК ... КК ...

...	...	...	...
ӨО және КП	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика		
ӨО.00	өндірістік оқыту		
ӨО.01		Білімдер: ... Іскерліктер: ...	БҚ ...
...	...	...	...
КП.00	Кәсіптік практика		
КП.01		Іскерліктер: ... Дағдылар: ...	БҚ ...
...	...	...	...

Пәндер циклі/практика – бір білім беру бағытындағы оқу пәндерінің/практика түрлерінің жиынтығы. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламасы жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндерден, сондай-ақ өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан тұрады.

Пәндердің/практика түрлерінің тізбесі «Білім алушыларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптар» бөлімінде сипатталған базалық және кәсіптік құзыреттер негізінде айқындалады. Пәндердің/практикалардың мазмұны әр біліктілік бойынша білім беру бағдарламасына сәйкес жобаланады және кәсіптік қызметтің теориялық және практикалық негіздерінің міндетті минимумын көрсетеді.

Үлгілік білім беру бағдарламасының мазмұнында оқыту процесін ұйымдастыру үшін талап етілетін пәндер бойынша білімдер мен іскерліктерді, сондай-ақ практика түрлері бойынша іскерліктер мен дағдыларды мұқият айқындап алу, сонымен қатар, әрбір пән/практика түрі үшін қалыптастырылатын құзыреттердің кодтарын көрсету 5-кестеде қажет.

8. «Кабинеттер, зертханалар, шеберханалардың және тағы басқада тізбесі» тарауы. Осы тарауда мамандықтар бойынша білім алушылардың техникалық және кәсіптік білім алуын қамтамасыз ететін, теориялық және өндірістік оқытуды ұйымдастыруға арналған кабинеттердің, зертханалардың, шеберханалардың және басқа өндірістік базалардың ұсынылатын тізбесі сипатталады.

Кабинеттер, зертханалар, шеберханалар және тағыда басқа тізбесінің сипатталу нысаны 6-кестеде көрсетілген.

6-кесте. Кабинеттердің, зертханалардың, шеберханалардың және тағыда басқа тізбесі

Кабинеттер	Зертханалар	Шеберханалар	...
Жалпы барлық біліктіліктер үшін			
...	...	...	...
Біліктілік _____			
...	...	...	...

• 

3. Техникалық және кәсіптік білімнің интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларының құрылымы

9. Интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларының құрылымы камтиды:

1. кәсіптік карта (біліктіліктер матрицасы);
2. білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар;
3. оқу процесінің жоспары;
4. кәсіптік модульдердің сипатталуы;
5. кабинеттер, зертханалар, шеберханалардың тізбесі және тағыда басқа.

10. «Кәсіптік карта (біліктіліктер матрицасы)» тарауы өзара біріктірілген (көлденеңінен де, тігінен де) мамандықтар бойынша жақын біліктіліктердің тобын анықтайды.

Мамандықтың кәсіптік картасы (біліктілік матрицасы) техникалық және кәсіптік білім және орта білімнен кейінгі білім деңгейлерін есепке алғанда әр түрлі біліктіліктердің деңгейлер диаграммасындағы бір-бірімен ара-қатынасын көрсетуі тиіс: белгіленген деңгей, жоғары деңгей, орта буын маманы және қызмет көрсету және басқару еңбегінің кіші маманы (кіші инженер).



11. «Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар» тарауы білім алушылардың мамандық пен біліктіліктер бойынша даярлық деңгейін анықтайтын негізгі 1-кестеде және кәсіптік құзыреттіліктерді анықтауды

• *DL*

көздейді.

1- кесте. Базалық құзыреттер тізбесі

Құзырет коды	Базалық құзыреттер (БК)
БК 1	;
БК 2	;
БК 3	;
БК 4	;
БК 5	

Кәсіптік құзыреттердің мынадай түрге бөлінеді: функционалдық және танымдық. Кәсіптік құзыреттер кәсіптік оқытудың нәтижесі болып табылады және оқу мақсаттарын 2-кестеде айқындайды.

Танымдық құзыреттер жалпы кәсіптік модульдердің тізбесін анықтайды, ал функционалдық – кәсіптік модульдердің, өндірістік және кәсіптік практиканың тізбесі. Базалық құзыреттер оқыту процесінде модульдердің мазмұнына қарай қалыптастырылады.

2-кестеде «Құзыреттерді бағалау» кәсіптік құзыреттерді бағалау критерийлерін (аяқталғаннан кейін студент білуі тиіс ... (білу, бағалау, шығару)» нысанында сипаттауды көздейді.

2-кесте. Кәсіптік құзыреттердің сипатталуы

Құзырет саласы	Кәсіптік құзыреттер	Құзыретті бағалау	Модуль	Оқу мақсаттары		Қалыптасатын базалық құзыреттің коды
				Білімдер	Іскерліктер	
Танымдық құзыреттер	КҚ 1	Ол ... тиіс	ЖКМ...	...	...	...
	КҚ	...	ЖКМ...			
	...	...	...			
Функционалдық құзыреттер	КҚ	Ол ... тиіс	КМ...			
	...	...				

Осылайша, білім алушы мамандық бойынша білім беру бағдаламасын игеру нәтижесінде тиісті біліктіліктер бойынша базалық құзыреттерді және кәсіптік құзыреттерді 3-кестеде меңгеруі тиіс.

3-кесте. Құзыреттерді білім беру деңгейлері бойынша бөлу

ТЖКБ, орта білімнен кейінгі білім деңгейі	Біліктілік коды және атауы	Кәсіптік құзыреттердің коды	Базалық құзыреттердің коды
1. Белгіленген деңгей		КҚ...	БК...
		КҚ...	БК...
2. Жоғары деңгей		КҚ...	БК...
		КҚ...	БК...
3. Орта буын		КҚ...	БК...

.



маманы		КҚ...	БҚ...
1. Кіші инженер		КҚ...	БҚ...

12. «Оқу процесінің жоспары» тарауында әрбір цикл (оқу модульдері) бойынша оқу уақытының тізбесі мен көлемі, оларды оқыту бірізділігі және біліктіліктерге, техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдарда оқыту мерзімдеріне катысты бақылау нысандары айқындалады.

Оқу процесінің жоспары оқу модульдерінің құрылымдық мазмұнын (тізбесін), бақылау нысанын, циклдер мен модульдер бойынша оқу уақытының көлемін тәртіптейді 4-кестеде.

4-кесте. Оқу процесінің жоспары

Код	Оқыту модульдерінің, аттестацияның және б. атауы	Бақылау нысаны			Оқу уақытының көлемі (сағ)		
		эмти хан	сы нақ	Курет қ жоба (жұмыс)	Барлы ы	Оның ішінде:	
						Теориялық сабақтар	Практика лық оқыту
1	2	3	4	5	7	8	9
ЖБМ. 00	Жалпы білім беретін модульдер						
ООМ. 01							
.....							
ӘЭМ. 00	Әлеуметтік-экономикалық модульдер						
ӘЭМ. 01							
.....							
ЖГМ. 00	Жалпы гуманитарлық модульдер						
ЖГМ. 01							
.....							
ЖКМ.00	Жалпы кәсіптік модульдер						
ОПМ. 01							
.....							
КП. 00	Кәсіптік модульдер						
КП. 01							
.....							
ҰАП. ...	Білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер						
ОО және ӨП	Ондірістік практика						
АА	Аралық аттестация						
КА. 01	Қорытынды аттестация						
КА. 02	Біліктілік деңгейін бағалау және біліктілік беру						
	Барлығы:						
К	Консультациялар						
Ф	Факультативтік сабақтар						
	ЖПНЫ						

Оқу жоспарының түсіндірме жазбасында көрсету қажет: оқу жоспарының мазмұны, сабақтарды жоспарлау және модульдерге бөлу, модульдерді зерделеудің бірізділігі, модульдің ішінде бөлімдерді (тақырыптарды) зерделеу тәртібі модульге бөлінген сағат жөнінде ұсынымдар, орындау міндеттілігі, ұсынылатын оқыту әдістері және тағыда басқа.

13. «Кәсіптік модульдердің сипатталу» тарауы. Кәсіптік модульдердің сипатталу құрылымы 5-кестеде берілген және оған: модульдің атауы, модульдің коды (Оқу жоспарында көрсетілген кодқа сәйкес), оқу уақытының көлемі (сағат), модуль бойынша тақырыптық блок (бөлімдер мен тақырыптардың атауы), әрбір бөлімге (тақырыпқа) оқыту индикаторы, теориялық және

• 

практикалық оқыту мазмұны, оқыту құралдары (жабдық, құралдар, мүлік, нормативтік құжаттар, дидактикалық материалдар, оқу-әдістемелік құралдар және тағыда басқа).

5-кесте. Кәсіптік модульдердің сипатталуы

Модуль:

Код: ...

Оқу уақытының көлемі (сағат): ...

№ р/р	Тақырыптық блок	Оқыту индикаторы	Мазмұны		Оқыту құралдары
			Теориялық оқыту	Практикалық оқыту	
1	2	3	4	5	6
1	Бөлім ...	Оқыту нәтижесінде білім алушы тиіс: (білуі, түсінуі, хабардар болуы, салыстыра білуі, анықтай білуі және б)...			
...	...	...			

14. «Кабинеттер, зертханалар, шеберханалардың және тағыда басқа тізбесі» тарауында мамандықтар бойынша білім алушылардың техникалық және кәсіптік білім алуын қамтамасыз ететін, теориялық және өндірістік оқытуды ұйымдастыруға арналған кабинеттердің, зертханалардың, шеберханалардың және басқа өндірістік базалардың ұсынылатын тізбесі сипатталады. Кабинеттер, зертханалар, шеберханалар және тағыда басқа тізбесінің сипатталу нысаны 6-кестеде көрсетілген.

6-кесте. Кабинеттер, зертханалар, шеберханалардың және тағыда басқа тізбесі

Кабинеттер	Зертханалар	Шеберханалар	...
Жалпы барлық біліктіліктер үшін			
...	...	...	...
Біліктілік _____			
...	...	...	...